

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ІШКІ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУ ХАТТАМАСЫ

2025 жылғы 19 қыркүйек

Астана қаласы

Төрағалық етуші:

«QazBioPharm» Ұлттық холдингінің (бұдан әрі – Холдинг) Бас директоры – Абдураимов Е.О.

Қатысқандар:

Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу жөніндегі Жұмыс тобының мүшелері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың (бұдан әрі – ІТ) нәтижелерін талқылауды Холдингтің Бас директоры Абдураимов Е.О. бастады.

Ол 2025 жылдың қыркүйегінде Холдингте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің типтік қағидаларына» сәйкес ІТ жүргізілгенін атап өтті. Осыған байланысты бүгін ІТ нәтижелерін жария түрде талқылау өткізіліп отыр.

Одан кейін сөз Холдингтің комплаенс қызметінің комплаенс-менеджері Туреева З.А.-ға берілді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына және Холдинг Бас директорының 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №107 н/қ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге ІТ жүргізілді.

ІТ мына құжаттар негізінде жүргізілді:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің типтік қағидалары»;

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі Әдістемелік ұсынымдар.

ІТ келесі қағидаттарға негізделе отырып жүргізілді:

1. Объективтілік;
2. Дәйектілік;
3. Ашықтық;
4. Жан-жақтылық.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар заңды, тиімді, іске асырылуы мүмкін және талдау нысанында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған болуы тиіс.

ІТ жүргізу барысында рәсімдік бұзушылықтар анықталған жоқ. Жекелеген мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында ұсынымдар беріліп, оларды іске асыру жөнінде Іс-шаралар жоспары әзірленді.

ІТ қорытындылары бойынша анықтамада көрсетілген ақпарат Холдинг қызметінде назарға алынды.

**«QazBioPharm» Ұлттық холдингінің
Бас директоры**

Е.О. Абдураимов

Комплаенс-офицер

З. Туреева